


2 | 86 | 2023 • республикалық ғылыми-педагогикалық журнал

ӘДІСКЕР • МЕТОДИСТ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ -
МЕКТЕП СЕРІКТЕСТІГІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



"ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОНАҚТАРЫ
29-30 мамыр, 2023 жыл



КОПИЯ ВЕРНА

ПОДПИСЬ

[Handwritten signature]

Бұл санда / В этом номере

ӘДІСКЕР – МЕТОДИСТ

Республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал

Республиканский
научно-педагогический журнал

№2 (86) 2023

Журнал 2002 жылдың
наурыз айынан шығарыла бастады.

Үш айда бір шығатын
білім-танымдық журнал.

Меншік иесі:

"Шаймардан Сариев ҚОРЫ"

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық келісім
Министрлігінде 04.01.2001 ж. тіркеліп,
тіркеу туралы №2342-Ж куәлігі берілген.

Бас редактор:

Педагогика ғылымдарының докторы
Күлпаш Ынтымақбайқызы Сариева

Ақылдастар алқасы:

Аукашева Гүлзия,
Әлдибекова Шолпан,
Декембаева Нұржамал,
Омарова Роза.

Басылымға дайындаған:

"Шаймардан Сариев ҚОРЫ"

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
«Мамыр-1» ықшам ауданы, 1-ші үй.
Ұялы тел.: 8 707 463 17 49

E-mail:

fondsaryeva@mail.ru

"Казпочта",

"Эврика-пресс",

"Евразия",

"Бектурганов" ИП

арқылы жазылуға болады.

Индекс: 75908

Жанабаева Самал

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

4

✓ Калкенова Эльмира

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТАЛДАЙ
ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

6

Баймолдина Аида

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ
ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

8

Тұрсынхан Бақытгүл

РАННЯЯ ПРОФОРИЕНТАЦИЯ У
ДОШКОЛЬНИКОВ

11

Сулейменова Айнура

СЕМЬЯ И ВОСПИТАНИЕ

12

Умарова Жанипа

КОУЧИНГ «ЭФФЕКТИВНОЕ
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОРМАТИВНОГО
ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКЕ»

14

Хвощевская И. В.

РОЛЬ ПЕДАГОГА В СОВРЕМЕННОМ
ОБЩЕСТВЕ

16

Гулмира Канай, Дэвид Фрост, Гульбадан
Закаева, Сауле Каликова

ЛИДЕРСТВО УЧИТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

20

ГЛАВА 1

АРГУМЕНТЫ В ПОЛЬЗУ НЕПОЗИЦИОННОГО
ЛИДЕРСТВА УЧИТЕЛЕЙ

26

СТАНОВЛЕНИЕ ПОДХОДА «НЕПОЗИЦИОННОЕ
ЛИДЕРСТВО УЧИТЕЛЕЙ»

ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО
СООБЩЕСТВА ХАРТСКЕМ

28

- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оларды қайтармайды.
- Жарнамалардың нақтылығына жарнама берушілердің өзі жауапты.
- Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Журналда жарияланған мақала немесе сурет көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.

ӘДІСКЕР – МЕТОДИСТ
№2 (86) 2023

13



КОПИЯ ВЕРНА
ПОДПИСЬ

Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Балқаш қаласы

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТАЛДАЙ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты мақсаты - ұлттық және мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетін және эстетикалық білім беруді дамыту» деп атап көрсетілген. Осыған орай кез келген мұғалімнің алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін, тұлғалық қасиеттерін, яғни оқушыны жан-жақты дамыту міндеттері тұр. Осындай міндеттерді жүзеге асыруда, адамның рухани әлемін, ішкі сезім қасиеттерін қалыптастыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің атқарар қызметі ерекше.

Әдебиет- өміртің құралы, адам баласымен бірге жасап, оларға рухани күш беріп, бірге дамып, өсіп келе жатқан өнердің бір түрі. Оқушылардың ой-сана толысуын ұдайы арттырып, рухани дүниесін байыта беру сынды ұлы мақсатқа қол жеткізуде әдебиет сабақтарының мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін оны оқытудың әдіс-тәсілдерін, түрлерін тынбай іздестіріп, үнемі жетілдіре беру қажет. Әдебиетті оқыту-шығармашылық жұмыс.

Көркем ойды бейнелейтін тіл құралдарының эстетикалық қасиетін ашу, сыры мен сынын ұстау бағытында, әсіресе прозалық шығармаларды оқыту барысында көркем шығарманы талдау әдістемесін терең меңгеру қажет.

Осы жұмысты жазу барысында менің алға қойған мақсатым:

Оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - балалар әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы парасаттылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, сұлулыққа, адамгершілікке тәрбиелеу және де көркем туындыны оқытып, олардың қабылдауын, алған әсерлерін, таным қабілеттерін, ойлау белсенділіктерін арттыру. Осы мақсатқа жету жолында әр түрлі көркем туындыларды зерттеу барысында оны әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлік-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып білу міндеттерін қойдым.

Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жобаларын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі - проблемалық талдау. Колледжде әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың шеберлігін дұрыс таныта білу керек. Осы жұмысты жазу барысында мен проблемалық талдауды әдіскер Қ.Бітібаеваның еңбектеріне сүйеніп, басшылыққа алдым. Осы негізде балалар әдебиетіне шолу жасай отырып қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдері Бердібек Соқпақбаев пен Сансызбай Сарғасқаевтың шығармаларын талдауға алдым.

Бұл жазушылардың шығармаларының ішінде жас жеткіншектердің ой-арманы, қоғамдық пайдалы істері, өнер-білім, спортқа деген құштарлығы, бір-біріне адалдығы, достық қарым-қатынасы суреттелген. Осы жұмыста Бердібек Соқпақбаевтың танымал шығармасы «Жекпе-жек», Сансызбай Сарғасқаевтың «Сұлтұрде достар көп» шығармаларын талдаудың үлгісін ұсынып отырмын.

1.Көркем туынды негізіндегі автор ойы, идеясына талдау жасау. Сансызбай Сарғасқаевтың «Сұлтұрде достар көп» повесін автор бірнеше тақырыпшаларға бөлген. Әр тақырыпша сол тарауда болған оқиғаны қамтитындай атаулармен аталған. Шығарманың бас кейіпкерлері де сондағы мектеп балалары. Оқиға сыныпқа жаңа вожатыйдың келетінін хабарлаудан басталады. Қаладан жаңа келген Керден - ашық жарқын, жайдары бала. Қайсар - ақылды, арамдықты білмейтін бала. Автор әр баланың қат-қабат мінезін, әдет-қылығын, ой-сезімін бірден жайып тастайды, оқиғаны өрбіте шым-шымдап, орайымен ашады. Осы повесті оқытуда мына сұрақтар негізінде автордың ойын, кейіпкерлердің мінезін білуге болады:

1. Керденнің Қайсар жайлы мақаланы жазуы ызадан ба, әлде олардың арасында шынайы достықтың болмағаны ма?
2. Жамал Төлендиевна болмаса Қайсар туралы Сәуле жаман ойда қалып қалар ма еді? Сәуле



КОПИЯ ВЕРНА
ПОДПИСЬ

қарт мұғалімсіз жақсы вожатый бола алар ма еді?

3. Қайсар өзін Сәуленің алдында кінәлі санағандықтан ба, әлде тәрбиелі болғандықтан оған жасырын көмектесіп жүрді ме?

II. Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» повесінде ауыл баласы, спортшы Мұрат Батырбаевтың спорттық өсу жолы, оның дарынды ұстазы украин жігіті Николай Трофимовичтің қажырлы еңбегі көрсетіледі. Оқиға басты кейіпкер Мұраттың төңірегінде өрбиді. Мұрат өзі қатарлы балалардың бәрінен де нәзік, аурушаң. Ол өзі сыныптасы Садықтан көп таяқ жеп, ауыр сөздер еститін. Оның өмірінің өзгеруі ауылға жаңадан дене шынықтыру мұғалімі Николай Трофимовичтің келіп, мектепте спорт секциясын ашып, оған Мұраттың да қатысуымен байланысты болды. Бокс өнерін үйренуге құштарлығы арта түскен Мұратты бокс секциясына қабылдамайды. «Сен жеңіл атлетсің! Саған лайығы сол!» - деген сөздерге намыстанған бала өз бетінше дайындала бастайды. Оған досы Шәкір көмектеседі. Бұл жерде жазушы екеуінің арасындағы достықтың берік, адал екенін көрсетеді. Күннен күнге жаттығып, шымырлана береді. Ақырында тренер екеуінің еңбегі еш кетпей, Мұрат Парижде өткен жарыста жеңімпаз атанады.

«Жекпе-жек» повесін оқытуда туындайтын проблемалық сұрақтар:

1. Егер ауылға Николай Трофимович дене шынықтыру мұғалімі болып келмегенде, спорт секциясын ашпағанда Мұраттың алдағы өмірі қалай болар еді, сол баяғы арық, аурушаң бала болып қалар ма еді?
2. Мұрат боксты өзі жақсы көргендіктен үйренді ме, әлде Садықтан күшті болып, оның жазасын беру үшін бе?
3. Мұрат түскен Алматы дене шынықтыру техникумында Николай Трофимович мұғалім болып жұмыс істемегенде, оның тренері болмағанда Мұрат әлем чемпионы болар ма еді?

Осы шығармаларды талдай келе мынандай ұқсастықтарды байқауға болады:

1. Шығарманың басты кейіпкерлері-мектеп оқушылары.
2. Осы жолда оларды қолдаушылар бар - мұғалім, «Сұлутөрде достар көп» повесінде Қайсардың ешқандай арам ойы жоқ, тәртіпті жақсы бала екендігіне Жамал Төлендиевна сенсе, «Жекпе-жек» повесінде Мұраттан күшті боксшы шығатынына Николай Трофимович сенеді.
3. Екі шығармада да жас жеткіншіктердің ой-арманы, қоғамдық пайдалы істері, өнер-білім, спортқа деген құштарлығы, бір-біріне адал-

дығы, достық қарым-қатынасы суреттелген.

«Сұлутөрде достар көп» повесінің басты кейіпкері - Қайсар мен «Жекпе-жек» повесіндегі Мұраттың бойындағы қасиеттер балаларға үлгі боларлық: қамқор, кешірімді, кішіпейіл, адал дос, шыдамды, қайырымды, ақылды.

Сонымен қатар бұл повестердегі басты кейіпкерлерге жанашыр болған, «Сұлутөрде достар көп» повесіндегі сынып жетекшісі Жамал Төлендиевна мен «Жекпе-жек» повесіндегі дене шынықтыру мұғалімі Николай Трофимович кейіпкерлерінің ұқсас жақтары: екеуі де балаларды қолдаушылар, оларға сеніп, көмектесіп, алға жетелеушілер.

«Жекпе-жек» повесіндегі ұнамсыз және ұнамды кейіпкерлерді таразыласақ, басымдылық көрсетіп тұрған ұнамды кейіпкерлерді байқаймыз.

Ал, «Сұлутөрде достар көп» повесіндегі кейіпкерлерге мінездеме беретін болсақ, адамгершілік қасиетін бағалай отырып өзімізше баға беретін болсақ, Сәуле - төзімділік танытпай бірден беріле салатын, мән-жайды біліп алмай ерте тон пішетін қыз.

Бұл шығармалардың балаларға адал да, қайырымды, адамгершіліктері мол, алға қойған мақсаттарына жетуге ұмтылатын, қаймықпайтын Мұрат пен Қайсар секілді болуға ой салатын тәрбиелік маңызын да атап өтуге болады.

Әдебиет сабағында ең басты жұмыстардың бірі - оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білуі. Яғни оқытушы осы мақсатпен ізденуі керек. Қай әдіспен оқыту тиімді - оны әр оқытушы өз тәжірбиесі мен ыңғайына, оқу материалының сипатына, оқушының дайындық деңгейіне қарай өзі белгілейді. Бұл жұмыста балалар жазушылары шығармаларын талдай оқыту жолдарын саралап, салыстыра отырып, оқушыларды рухани байлық-көркем әдебиетке сүйіспеншілігін оятуға талпындым.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақшолақов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, "Рауан", 1994 ж.
2. Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. Алматы, "Мектеп" баспасы, 1976 ж.
3. Бітібаева Ұ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997 ж.
4. Сарғасқаев С. "Көңілді балалар". Алматы, "Жазушы", 1966 ж.
5. Соқпақбаев Б. "Таңдамалы II том" Алматы, "Жазушы", 1987 ж.



КОПИЯ ВЕРНА
ПОДПИСЬ